

**НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
БІЛІМ БЕРУДІ ЖАҢҒЫРТУ ОРТАЛЫҒЫ
«24 ОРТА МЕКТЕП» КММ**

ҚЫЗЫҚТЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ

Жұмыс дәптері

2-СЫНЫП

НҰР-СҰЛТАН, 2022

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «24 орта мектеп» КММ 30.12.2021 ж. әдістемелік отырысының №3 хаттамасының шешімімен қалалық сараптау кеңесіне ұсынылды.

Пікір білдірушілер:

Г. Төкенқызы. «Тұран-Астана» университетінің профессоры, филология ғылымдарының кандидаты.

Нурмуратова А.М. Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, III Интернационал ауылы, № 108 орта мектеп директорының ғылыми-әдістемелік жұмыстары жөніндегі орынбасары, Қорқыт-ата атындағы ҚМУ гуманитарлық ғылымдар магистрі, педагог-зерттеуші.

Сандибекова Л.Т. Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, III Интернационал ауылы, № 108 орта мектеп директорының бастауыш ісі жұмыстары жөніндегі орынбасары, педагог-зерттеуші.

А.Тиынтай. Нұр-Сұлтан қаласы, № 24 орта мектеп, директорының ғылыми-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары, педагог-шебер.

Құрастырушы: Медеуова Б.С. Қызықты қазақ тілі. Жұмыс дәптері. 2-сынып - Нұр-Сұлтан, 2022.-20 б.

Ұсынылып отырған жұмыс дәптері оқушының қазақ тілінде еркін, қатесіз сөйлеп, терең ойлануын қамтамасыз ететін тапсырмалар қамтылған. Жұмыс дәптерінің ерекшелігі - пәнді терең меңгеруін қамтамасыз ететін қызықты тапсырмалар, жаттығулар арқылы оқушыға арналған арнайы жұмыс дәптерімен жасалған.

Жұмыс дәптері 2-сынып оқушыларына арналған. Жұмыс дәптерін бастауыш сынып мұғалімдері қолдана алады.

Мазмұны

Алғы сөз.....	3
1. Мектеп - білім ошағы.....	5
2. Біздің сынып.....	6
3. Мен және менің достарым.....	8
4. Дауысты дыбыстар және оның түрлері.....	10
5. Жіңішке дауыты дыбыстар.....	11
6. Жуан дауысты дыбыстар.....	13
7. Жуан және жіңішке жұп дауыстылар.....	14
8. Буын.....	15
9. Дауыссыз дыбыстар.....	16
10. Қатаң дауыссыз дыбыстар.....	17
11. Ұяң дауыссыз дыбыстар.....	18
12. Үнді дауыссыз дыбыстар.....	19
13. Тасымал.....	20
14. Сөз ойлап, тез ойла!.....	21
15. Сөзжұмбақ шешейік.....	22
16. Мағынасы жуық сөздер (синоним).....	23
17. Қарама – қарсы мағыналы сөздер (антоним).....	24
18. Көп мағыналы сөздер.....	25
19. Өз біліміңді тексер.....	26
20. Сөйлемдегі сөздердің байланысы.....	28
21. Хабарлы сөйлем (.).....	29
22. Сұраулы сөйлем (?).....	31
23. Лепті сөйлем (!).....	32
24. Заттың атын білдіретін сөздер.....	33
25. Заттың санын білдіретін сөздер.....	35
26. Заттың іс-қимылын білдіретін сөздер.....	36
27. Заттың сынын білдіретін сөздер.....	37
28. Бас әріптен басталып жазылатын сөздер.....	38
29. Жұмбақ әріптер.....	39
30. Жыл мезгілдері.....	41
31. Сіз деген – әдеп, Біз деген – көмек.....	42
32. Дыбыстық талдау.....	43
33. Өз біліміңді тексер. Тест.....	44
34. Қорытынды бақылау диктанты.....	45
Пайдаланылған әдебиеттер.....	46

Құрметті оқушылар!

Сіздер жұмыс дәптерінде дыбыс түрлеріне, буын түрлеріне байланысты тапсырма орындау арқылы шығармашылықпен жұмыс жасайсыздар. Қазақ тілі пәнінен білімдеріңді кеңейтесіздер, қазақ тілінің қызық сырын ашасыздар.


«Мектеп білім - ошағы» бөлімінде жазу сауаттылықтарыңыз дамиды. «Мен және менің достарым» бөлімінде жұппен, топпен ақылдаса отырып, түрлі тапсырмалар орындауға дағдыланасыздар. Мұндай тапсырмалар сіздердің ойларыңызды еркін жеткізуге, сауаттылықтарыңызды арттыруға көмектеседі.

Талаптарыңызға нұр жаусын, жас достар!

№1. Мектеп - білім ошағы

1. Сурет бойынша әңгіме құрастыр.

Кейіпкерлерге ат қой, олардың міндетін тауып көр.



Дескриптор:

- оқушылар сурет бойынша әңгіме құрайды;
- сурет бойынша оқушылар кейіпкерлерге ат қояды;
- кейіпкерлердің міндетін анықтайды.

2. Мәтінді оқы. Сұрақтарға жауап бер.

Мен қалай оқуға бардым?

Менің Әбіш деген құрдасым бар еді. Әкесі оны оқуға берді. Бір күні ойнайын деп бардым. Әбіш кітап оқып отыр екен. Тыңдасам, кітабында жұмбақ, мақал, өлең, басқа да жақсы сөздер көп екен. «Оқу үйренсем, мен де солай оқыр едім» деп ойға қалдым. Үйге қайтып келдім. «Оқуға барамын!» дедім. Әкем мен анам бұл ойымды ұнатты. Ертеңіне әкем мені оқуға апарды.

(А. Байтұрсынов)

- Әбіш деген кім? _____
- Оның кітабында нелер көп екен? _____
- Баланың оқуға баруына не себеп болды _____
- Ахмет Байтұрсынов туралы не білесіз? _____

Дескриптор:

- мәтінді оқиды;

- сұрақтарға жауап береді;

3. Жұмбақтың жауабын суретпен сәйкестендір.

Ұшымен қазық Тор көзді жазық. Үстіне өттім, Асыл сөз жазып.		Үстінде есігі, Өзі орындық, әрі үстел, Оқушылар бесігі.
	Күміс алмұрт тілі бар, Сыңғырлаған үні бар. Шақыратын білімге, Сағаты бар, күні бар.	

Дескриптор:

- жұмбақты оқиды;
- жұмбақтың шешімін табады;
- дұрыс жауаптарымен сәйкестендіреді.

4. Жаңылтпаштар тез, әрі қатесіз жатқа айт. Есіне жақтап дәптерге жаз.

Шалабай шыли шалағай,
Шалағай шыли Шалабай.
Шақша басы шарадай,
Шаладай шала Шалабай

Дескриптор:

- жаңылтпашты тез оқиды;
- жаңылтпашты қатесіз жатқа айтады;
- еске сақтағанын дәптерге жазады.

№2. Біздің сынып

1. Суретпен жұмыс

Суретті мұқият қарап кестені толтырыңдар. Суретке ат қойыңдар.



Нені көрдiң?	Не байқадың?	Неліктен?

Дескриптор:

- суретке қарап сөйлем құрайды;
- суретке ат қояды;
- кестені толтырады.

2. Жұмбақтың жауабын тап.

«Қ» әрпінен бастасаң,

Көмірге ұқсас түрім бар.

«Қ»-ны сызып тастасаң,

Жасаймын шөп гүлін бал. _____

Дескриптор:

- Жұмбақты оқиды;
- Жұмбақтың шешуін табады;
- Жауабын дәптерге жазады.

3. Көп нүктенің орнына сан есімдерді жазып, сұрақ қой.

Біздің мектеп қабатты. Менің сыныбым
қабатта. Айнұр сыныпта оқиды. Сыныпта
оқушы бар. Бүгін бізде сабақ болады. сабақ
математика болады.

Дескриптор:

- көп нүктенің орнына сан есімдерді жазады;
- сөйлемге сұрақ қояды;

4. Топтық жұмыс. Сынып ережесін құр

This image shows a single sheet of white paper with horizontal blue or grey ruling lines. The lines are evenly spaced and run across the width of the page. There are approximately 20 lines visible. The paper has a slight shadow on the right side, suggesting it's resting on a surface.

Дескриптор:

- дәптерлеріне сынып ережесін құрады;
- құрған ережелерді талқылайды.

№ 3. Мен және менің достарым

1. Айбардың жазған хатын мұқият оқы. Хатта жіберілген қателерді тауып, астын сыз.

Маратқа Айбар деген досы інісінен хат беріп жіберіпті. Хатта былай жазылған екен.

Сәлем досым. қалың қалай? бүгін сабақа
келмедің ғой. аурып қалдың ба.
Мен комп клубқа бара жатырмын.
сәлемен досың Айбар.

Дескриптор:

- ## 2. «Иә немесе жок» ойыны.

- ### 3. Досың туралы жаз.

Сенің досың ұл ма, әлде қыз бала ма?

Досың ызақор ма, әлде мейірімді ме?

Дескриптор:

- ### 3. Жаңылтпашты жаттап, жаз.

Ара, ара, аралар,
Орманның бойын аралар.

Гүлдерден сорып бал алар,
Алысқа ұшып бара алар,
Бал тәтті ғой, балалар!

Дескриптор:

- жаңылтпашты шапшаң оқиды;
- жаңылтпашты жатқа айтады.

№ 4. Дауысты дыбыстар және оның түрлері

1. «Сұрақ-жауап» әдісі

- Дауысты дыбыстар саны ? _____
- Дауыссыз дыбыстар саны ? _____
- Жуан дауыстылар? _____
- Жіңішке дауыстылар? _____
- Қатаң дауыссыз дыбыстар? _____
- Ұяң дауыссыз дыбыстар? _____
- Үнді дауыссыз дыбыстар? _____

Дескриптор:

- сұрақтарды мұқият тыңдайды;
- сұрақтарға жауап береді.

2. Өлеңді мұқият тыңда.

Кім сендерді, балалар, сүйетұғын,
Қуанышыңа қуанып, қайғыңа күйетұғын?
Түн ұйқысын төрт бөліп, кірпік қақпай,
Шешен байғұс дамылсыз жүретұғын.

(Міржақып Дулатов)

Үлгі: Бүгін-бүгүн

Дескриптор:

- өлеңді мәнерлеп оқиды;
- үлгіге сүйеніп, берілген сөздердің үндесіп айтылуын көрсетеді;
- үлгі бойынша сөздерді жазады.

№ 5. Жіңішке дауысты дыбыстар


1. Сөздердегі дауысты дыбыстарды ажыратып, семантикалық картаны толтыр.

Сөздер	Жуан	Жіңішке
Инелік		
Жолбарыс		
Өтеш		
Қазақстан		
Ілгіш		
Таға		
Әже		

Дескриптор:


- сөздердегі дауысты дыбыстарды ажыратады;
- семантикалық картаны толтырады.

2. Жыл мезгілдерінің аттарын жаз.
Жіңішке дауысты дыбыстардың астын сыз.



3. Өлеңді түсініп оқы. Өлеңнің мазмұны бойынша сурет сал.

Қарашы далаға,
Жөңкіліп көшеде,
Реңі сары ала.
Суық жел еседі.
Пісті алама албырап,
Алқаптан бидайды,
Сарғайды бал құрақ.
Қоймаға ел жинайды.
Аспанда қаптаған
Тырнасы тізілген
Бұлт тыным таппаған.
Ұнатам күзді мен.



Дескриптор:

- өлеңді түсініп оқиды;
- өлеңнің мазмұнын айтады;
- мазмұны бойынша сурет салады.

4. Суретпен жұмыс. Суреттен не байқадың?



Дескриптор:

- суретке қарап әңгімелеу;
- суреттегі жыл мезгілдерінің аттарын айтады;
- әр жыл мезгілдерінің айырмашылығын айтады.

№ 6. Жуан дауысты дыбыстар

1. «Адасқан әріптер»

- О,й,қ-Қой
- Қ,з,ы,о-Қозы

Дескриптор:

- адасқан әріптерден сөздер құрайды;
- құралған сөзге дыбыстық талдау жасайды.

2. Өзің жалғастыр...

Түйе боздайды,

Сиыр

Қой

Жылқы


Дескриптор:

- берілген сөздерді тиісті орынға қояды;

- тапқан сөздерді дәптерге жазады.

3. 5 жол өлең құрастыр

Қой
Қандай?
Не істейді?
Сезімінді білдір
Мағыналас сөз



Дескриптор:

- сөзге 5 жолды өлең құрайды;
- берілген сұрақтар бойынша жауап жазады.

4. Көп нүктенің орнына «у», «и, й» әріптерінің тиістісін қойып, сөйлемдерді көшіріп жаз.

Анам кешкі ас да.....ындады. Олар ба.....ырсақ пісірді. Менің ұ.....ықтағым келді. Кеше қар жа.....ды. Саят дөңгелек қ.....ды. Балалар қ.....аласпақ о.....нады. Инжу үйді ж..... нады.

№ 7. Жуан және жіңішке жұп дауыстылар

1. Жұмбақты шеш.

Уылжыған албырт,
Дәмі ғажап.....
Шабәк аңдып жағада,
Шарқ ұрады.....
Сылдыр қағып,
Таудан құлап.
Жатыр ағып,
Мөлдір.....
Аппақ доп тауып,
Шақырды ақ.....
Қалғиған қос құлақты,
Теңбіл түрі көрікті,
Мекен жері бұлақты,
Білемісің.....

Дескриптор:

- жұмбақты оқиды, табады;
- жұмбақтың жауабын дәптерге жазады;
- табылған сөздерге ауызша дыбыстық талдау жасайды.

2. Дауыстылардың ішінде жуан-жіңішке жұп дауыстыларды сәйкестір.
 Әріптің жұбын тауып, сөзді жаз

а	о	ұ	ы
ә	і	ө	е

ал -..... , от - , ыс - , ұн -..... ,
 сан – , тос -..... , тыс - , тұс -

Дескриптор:

- берілген сөздерден жуан-жіңішке жұп дауыстыларды табады;
- жұп дауыстыларды сәйкестендіреді;
- сәйкестендірілген сөздерді дәптерге жазады.

№ 8. Буын

1. Сөздерді буынға бөліп жаз.

Бөлме, ойыншықтар, заттар, шкаф, терезе, еден, есік, компьютер, тазалады, төсек, жинаймын, су, шаң, сүртті.

Дескриптор:

- оқушылар сөздерді оқиды;
- берілген сөздерді буынға бөліп дәптерге жазады.

2. Ұйқасын тап

Қайсы күні қандай сабақ,

Қалай менің үлгерімім?

Еш жаңылып қалмай, санап

Жүреді ылғи.....
Мекендеген портфелімді,
Беттері аппақ, көңілді.
Қызаратын қатем үшін
Кірлетпеймін.....

Дескриптор:

- берілген өлеңді оқу;
- түсіп қалған сөздердің ұйқасын табады.

3. «Тасымалдау» тәсілі

Күнделігім. Дәптерімді (тасымалдау)

Дескриптор:

- сөздерді буынға бөлу арқылы сөздерді оқиды;
- сөздерді тасымалдайды.

№ 9. Дауыссыз дыбыстар

1. Сұрақ-жауап:

- Қазақ тілінде неше дыбыс, неше әріп бар?

- Дыбыстар нешеге бөлінеді?

- Дауысты дыбыс нешеге бөлінеді?

- Дауыссыз дыбыстар нешеге бөлінеді?

Дескриптор:

- оқушылар сұрақтарды оқиды;
- дәптерге жауаптарын жазады.

2. Сөздерді буынға бөліп жаз.

Тапсырма

Әр суреттің атауын жаз. Сөздің соңына «ы, і» әріптерінің тиістісін жалғап жаз. Өзгерген әріптің астын сыз.



Сөздердегі дауыссыз дыбыстарды қайталамай теріп жаз.

Қатаң дауыссыздар: _____

Ұяң дауыссыздар: _____

Үнді дауыссыздар: _____

Дескриптор:

- Суреттің аттарын айтады;
- «ы», «і» әріптерін жалғап жазады;
- Сөздердегі дауыссыз дыбыстарды қайталамай теріп жазады.

№ 10. Қатаң дауыссыз дыбыстар

1. «Миға шабыл» әдісі.

Дыбыстарды тиісінше тіркестіріп сөз құраңдар және сол сөзге дыбыстық талдау жасаңдар

Р, о, б Қ, ы, а, з, қ А, ш, а, ғ А, л, а, д Т, к, е, п е, м І, м, б, л, і

Дескриптор:

- берілген дыбыстары сәйкесінше тіркестіріп, сөз құрайды;
- құраған сөздерге дыбыстық талдау жасайды.

2. Жұмбақтардың шешуін тауып, дыбыстық талдау жасаңдар.

К-ден бастап оқысаң

Құс атауы қарашы!

Е-ден бастап оқысаң

Жалқау бала бағасы.

Дескриптор:

- оқушылар жұмбақты оқиды;
- жауабын тауып, жазады;
- шешуі бар сөзге дыбыстық талдау жасайды.

3. «Тез ойлан» әдісі

«Қ» әрпінен басталатын сөздерді жаз.

1. Ұлдың аты _____
2. Қаланың аты _____
3. Құс аты _____
4. Төрт түлік аты _____
5. Оқу құралы _____


Дескриптор:

- мұғалім айтқан дыбысқа сөздер құрайды;
- тез ойланып, дәптерге жазады.

№11. Ұяң дауыссыз дыбыстар

- 1. «Кім табады?» ойыны. Сағат тілі бағытымен екі әріптен қалдыра отырып оқы.**


Кім тауып оқи алады?



Дескриптор:

- оқушылар сағат тілі арқылы екі әріп аттай отырып сөздерді табады;
- тапқан сөздерді дәптерге жазады;
- сөздің мағынасын түсіндіреді.

2. «Адасқан әріптер» әдісі



Дескриптор:

- оқушылар адаққан әріптерден сөздер құрастырады;
- құрастырған сөздерді оқып, қандай дыбыс екенін ажыратады.

3. «Кім шапшаң?» Семантикалық карта толтыр.

Әріп	дауысты	жуан	жіңішке	ашық	қысаң	еріндік	езулік	дауыссыз	ұян	үнді	қатаң
Ғ								+	+		
А	+	+		+			+				
Л								+		+	
Ы	+	+			+		+				
М								+		+	

Дескриптор:

- оқушылар дыбыстарды ажыратады;
- семантикалық картаны толтырады.

№12. Үнді дауыссыз дыбыстар

1. Адаққан әріпті орнына қой.

Б, л, а, қ, ш, а, а, а,

Ұ, а, т, с, з. Ф, н, е, т, о, а, к, и.

М, д, и, н, е, і, т, ө, е, т.

Дескриптор:

- оқушылар әріптерден сөздерді құрайды;
- құраған сөздерге сөйлем құрайды.

2. «Ұйқасын тауып көр»

Ойладым, Жабай жайнаған

тоймадым. Абай қайнаған.

мен балаң бай ұлыңмен,

ойнадым. ай. ойлаған.

Дескриптор:

- оқушылар сөздерді ұйқастырады;
- ұйқастырған өлеңді дәптерге жазады.

3. Төменде берілген жұмбақтардың шешуі болатын дыбыстарға сипаттама беріндер.

Жаңада жоқ,	Танада жоқ,
Тарақта бар,	Тамақта бар,
Ләззатта бар,	Азатта бар,
Нанда бар,	Айранда бар
Ескіде бар.	Ешкіде бар.
Шашта жоқ.	Аста жоқ.
Жанатта жоқ.	Қанатта жоқ.
Етте жоқ.	Сүтте жоқ.

Дескриптор:

- жмбақты оқиды;
- шешуі болатын дыбыстарға спаттама береді.

№ 13. Тасымал

1. Сөйлемдерді қатесіз көшіріп жаз .

Орамжапырақта дәрумен көп . Ондағы В дәрумені көздің көруін жақсартады .



Дескриптор:

- *дәрумендер* сөзін тасымалдап жазады;
- дәрумендер туралы жаңа мәліметтерді айтады.

2. Сурет бойынша ертегі құрау

Құраған ертегілеріңе ат қойындар

Орамжапырақ , ертегі сөздерін тасымалдап жазу



Дескриптор:

- суретке қарап, ат қяды;
- берілген сөздерді қатыстырып ертегі құрайды;
- орамжапырақ, ертегі сөздерін тасымалдап жазады.

3. Жасырын тұрған тағам атауларын тап.

<i>О</i>	<i>Н</i>	<i>Ө</i>	<i>Д</i>	<i>У</i>	<i>Л</i>
<i>Ш</i>	<i>А</i>	<i>Й</i>	<i>Р</i>	<i>Ұ</i>	<i>З</i>
<i>Қ</i>	<i>А</i>	<i>Ү</i>	<i>М</i>	<i>А</i>	<i>Й</i>
<i>К</i>	<i>Ә</i>	<i>М</i>	<i>П</i>	<i>И</i>	<i>Т</i>
<i>Т</i>	<i>О</i>	<i>Қ</i>	<i>А</i>	<i>Ш</i>	<i>Е</i>

Дескриптор:

- берілген әріптерден сөздер құрайды;
- тапқан сөздеріңнің қалай тасымалданатынын айтады.

№ 14. Сөз ойлап, тез ойла!

1. «Зымыран» әдісі. Сұрақ-жауап.


Мектепке не үшін келеміз? _____
Біздің Отанымыз ? _____
Біз білім алатын жер ? _____
Бір аптада неше күн бар ? _____
Біздің президентіміз кім? _____
Оқу – білім.....? _____

Дескриптор:

- оқушылар сұраққа-жауап береді;
- жауабын дәптерге жазады.

2. «Ойлы болсаң, озып көр» ойыны

Жасырынған суреттердің атын айтып, не үшін қолданылатынын айт7



Дескриптор:

- суреттегі заттардың атын атайды;
- суретке қарап, не үшін қолданатынын жазады.

3. «Жүйрік болсаң, озып көр.

Берілген жұмбақтардың жауабын тауып, дыбыстық талдау жаса.



Жердің жүзін шарлайсың
Онсыз еш жерге бармайсың
Көлікпен де, жаяу да
Саралайсың, таңдайсың.

Дескриптор:

- жұмбақты оқиды;
- жұмбақтың жауабын табады, дыбыстық талдау жасайды.

№ 15. Сөзжұмбақ шешейік

1. Сөзжұмбақтар шешу





Дескриптор:

- суреттер арқылы сөздерді табады;
- жауабын дәптерге жазады.
-

2. Кем әріпті тап

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
---	---	---	---	---	---	---	---	---	----	----	----

- | | |
|----------|-----------|
| 1. Қ_раз | 7. Жыл_н |
| 2. Те_ек | 8. Е_бек |
| 3. _анты | 9. _арыш |
| 4. Қ_сық | 10. Алт_й |
| 5. Бана_ | 11. _ылым |
| 6. _ібек | 12. Жылқ_ |

Дескриптор:

- сөздерді оқиды;
- түсіп қалған сөздерді тауып, жазады.

№ 16. Мағынасы жуық сөздер

1. «Суреттер сөйлейді» әдісі

Суретке қарап мағыналас сөздерді тап.



Дескриптор:

- Суреттердің аттарын айтады;
- Тапқан сөздерге мағыналас сөздерді тауып, дәптерге жазады.

2. «Шашылған сөздер» әдісі

Сөздердің ішінен мағынасы жуық сөздерді теріп жазыңдар.

Әдемі, қас, жаз, көркем, сұлу, көрікті, байсалды бас, ат, байыпты әсем, шырайлы. Жақсы, төзімді, Жақ, көз, салмақты жаман, ақ, қара, Сабырлы, ұстамды, жарық, қараңғы.

Дескриптор:

- шашылған сөздерді оқып шығады;
- сөздердің ішінен мағынасы жуық сөздерді теріп жазады.

3. Жұмбақты шешіндер

Алғашқы буыным,
Көшті бастар ұлымын.
Сосын тоғай нуының
Жыртқышының бірімін.

Екеуін қоссаң ірімін
Көп аңдардың дүрімін.

Дескриптор:

- жұмбақты дауыстап оқиды;
- жауабын дәптерге жазады.

№ 17. Қарама-қарсы мағыналы сөздер

1. Қарама-қарсы мағынасын тап

Биік –.....	Адал –.....	Ашық –.....
Ақ –	Қатты –	Арзан –.....
Ұзын –.....	Өтірік –	Ыстық –.....
Жоғары –.....	Жақсы –.....	Батыр –.....

Дескриптор:

- сөздерді оқиды;
- сөздерге қарама-қарсы мәндес сөздерді тауып, дәптерге жазады.

2. «Қай сөз артық» ойыны


Ас, тамақ, тағам, асаба, дәм _____
 Аспан, көк, шарықтау, әуе _____
 Үлгілі, өнегелі, тәрбиелі, тәртіпті, өнеге _____
 Айтқыз, сөйлеткіз, сөйлеттір, айтқыш _____

Дескриптор:

- берілген сөздерден артық сөздерді табады;
- жауаптарын дәптерге жазады.

3. Суретке мұқият қара.

Әр жұп суретті мағынасы қарама-қарсы сөздер арқылы жаз.



Дескриптор:

- суреттерге қарап, қарама-қарсы мағыналас сөздерді табады;
- қарама-қарсы сөздерді дәптерге жазады.

№ 18. Көп мағыналы сөздер

1. «Кластер» әдісі Бас сөзіне мағыналас сөздерді тап.



Дескриптор:

- *бас* сөзіне мағыналас сөздерді табады;
- тапқан сөздерді дәптерге жазып, сыныпта талқылайды.

Көп мағыналы сөздермен сөйлем құра. Біреуі етістіктен, біреуі зат есімнен болу керек.

Қой , сана, той, күл, бақ.

Дескриптор:

- берілген сөздерден көп мағыналы сөздерді құрайды;
- біреуі зат есім, біреуі етістіктен құрап жазады.

2. Көп мағыналы сөздерді теріп жазу

1. Тарақтың тісі, адамның тісі
2. Көйлектің жағасы, көлдің жағасы
3. Кітап досың, ақылшың.
4. Қанат құстардың ұшып, қонатын дене мүшесі.
5. Алты қанат ақ орданы тігуге кірісті.
6. Көзім ауырып дәрігерге көрініп жүрмін.
7. Иненің көзіне жіп өткізе алмадым.
8. Сөздің басын арыдан бастады.
9. Адамның басы - Алланың добы.

Дескриптор:

- берілген сөздерді оқиды;
- көп мағыналы сөздерді теріп жазады, талқылайды.

№ 19. Өз біліміңді тексер

1. Сөйлеу не үшін қажет?

- а) ойнау ә) сөйлеу б) ән айту

2. Бір буынды сөзді тап

- а) тау ә) тарақ б) күнделік

3. «Аққала» сөзінде неше дыбыс бар?

- а) 3 ә) 5 б) 6

4. Сөйлем неден құралады?

- а) Сөзден ә) әріптен б) дыбыстан

5. Қатаң дыбыстан басталған сөзді тап.

- а) мал ә) бұлақ б) кітап

6. Қандай дыбыс дауысты да, дауыссыз да бола алады?

- а) Ұ ә) У б) Ү

7. И қандай дыбыс?

- а) дауысты ә) дауыссыз б) ашық

8. Қазақ тілінде қанша әріп бар?

- а) 25 ә) 35 б) 42 в) 40

9. У әрпі дауыссыз болатын сөзді тап:

- а) Қуат ә) туған б) уақыт в) жу

10. Ұяң дауыссыздарды тап:

- а) к, қ, с, т, ш, щ, ц

- ә) л, м, н, ң, р, й, б

- б) б, в, г, ғ, д, ж, з

- в) ч, в, к, й, ф, м, р

11. Сұраулы сөйлемді тап:

- а) Олар тату тұра ма

- ә) Әжем келді.

- б) Су ақты

- в) Сабақтан кешікпе

12. Мәтін түрлерін белгіле:

- а) пайымдау, лепті, сұраулы.

- ә) сипаттау, әңгімелеу, пайымдау

- б) хабарлы, әңгімелеу, сипаттау

13. Мәтіннің құрылымын көрсет

- а) Басы

- ә) басы, негізгі бөлім, соңы

- б) соңы

14. Сұраулы сөйлемнің соңына қандай тыныс белгісі қойылады?

- а) Нүкте қойылады

ә) Сұрау белгісі қойылады

б) Леп белгісі қойылады

в) Белгі қойылмайды

15. У әрпі дауыссыз болатын сөзді тап:

а) Қуат ә) туған б) уақыт в) жу

16. Дұрыс жазылған сөзді тап.

а) құлақы ә) құлағы б) құлагы

17. Үнді дауыссыз дыбыстарды тап.

а) б,в,г,ғ,д,ж,з ә) л,м,н,ң,р,й,(у)

б) а,о,ә,ұ.

18. «Мұғалім» сөзіне қойылатын сұрақты тап

а) Не істеді? ә) Кім? б) Не?

19. Үш буынды сөзді көрсет:

а) ащы ә) құрт б) әдемі

20. Әліпбидегі 3 әріп?

а) В ә) А б) Б

Дескриптор:

- тесттерді оқып жауабын белгілейді.

№ 20. Сөйлемдегі сөздердің байланысы

1. Жұмбақты шешіндер

Қыста ғана болады,

Ұстасан қолын тоңады. (.....)

Қолы жоқ, сурет салады,

Тісі жоқ, тістеп алады. (.....)

Шелек қалпақ басында,

Сәбіз екен танауы.

Қыста қардан туатын,

Тауып көрші, сен оны. (.....)

Дескриптор:

- жұмбақты түсініп оқиды;
- жауабын дәптерге жазады.

2. «Шынжыр» әдісі 1 2 3 4

Сөйлемдегі сөздердің байланысы деп

Дескриптор:

- шынжырды жалғастырып, сөздерді әрі қарай жалғастырады.

3. «Сұрақ-жауап» әдісі

(ия, жоқ деп жауап беруі керек)

Сөйлем сөзден құралады. _____

Сөйлемдегі сөздер бөлек жазылмайды. _____

Сөйлемге сұрақ қойылады. _____

Буын сөзден құралады. _____

Сөз буыннан құралады. _____

Сөйлемнің бір түрі бар. _____

Сөйлемдегі сөздер бөлек жазылады. _____

Сөйлем мәтінен құралады. _____

Дескриптор:

- оқушылар «иә», немес «жоқ» деп жауабын айтады;
- тапқан жауапты дәптерге жазады.

№ 21. Хабарлы сөйлем (.)

1. Орны ауыстырылып берілген сөздерден сөйлем құрастырып жаз

- 1) Әсел, айтады, ән, Отан, туралы
- 2)) Тартады, Болат, домбыра
- 3) Концерт, қоясындар, сендер, ма
- 4) Қандай, керемет, даусы

Дескриптор:

- берілген сөздерден сөйлем құрастырады.

2. «Бір-бірімен бөліскен әңгіме» әдісі. Берілген сурет бойынша сөздерді байланыстырып, сөйлем құра.



Дескриптор:

- суретке қарап сөйлем құрайды;
- сөйлемнің соңына тиісті тыныс белгісін қойып жазады.


3. «Мен бастаймын, сен жалғастыр» әдісі

1. Сөйлем аяқталған.....
2. Сөйлем сөзден
3. Сөйлемнің бірінші сөзі
4. Сөйлемнің соңына
5. Сөйлемдегі сөздер

Дескриптор:

- берілген сөздерді оқып, сөйлемді аяқтайды;
- құрылған сөздерден ереже шығарады.


4. Сөзжұмбақ шешу



1. Сәлемін досқа жолдаған?
2. Үйдің үлкені?

- 3.Ең тәтті?
- 4.Ас атасы?
- 5.Түс атауы?
- 6.Қуанышты білдіру?
7. «Class» сөзінің қазақша нұсқасы?

5. «Шынжырлы байланыс» әдісімен сөздерді байланыстыр.



Дескриптор:

- сөздер тізбегін түсіндіреді;
- байланыстырған сөздерді дәптерге жазады.

№ 22. Сұраулы сөйлем (?)

1. «Аялдама» әдісімен сұраққа жауап бер.

Сіздер нешінші сыныпта оқисыздар?
 Сабақтарыңыз сағат нешеде басталады?
 Бірінші қыркүйек қандай мереке?
 Бүгін ауа райы қандай?

Дескриптор:

- оқушылар сұраққа жауап береді;
- сұраққа қандай дауыс ырғағымен оқу керектігін түсіндіреді.

2. «Адасқан сөздер» әдісімен сөздерді орнына қойып, сөйлем құрастыр

- Қалың, жауды, қар, ма?

- Үсен, оқыды, сабақ, ма?
- Әжем, келді, ме, ауылдан?

Дескриптор:

- орны ауысқан сөздерді мағынасы сәйкес құрастырады;
- құраған сөйлемді дәптерге жазады.

3. «Зейінді болсаң, тез ойлан!» әдісімен сұраққа жауап бер.

- Балалар, желтоқсан айында қандай мерекелерді білеміз?

-Қар қалай жауып тұр?

-Неге күн суық?

-Аспан неге көкпеңбек?

-Таулар неге тым биік?

Дескриптор:

- сұрақтарды дауыстап оқиды;
- тсұраққа толық жауап береді.

№ 23. Лепті сөйлем (!)

1. Сөйлемдердің соңынан тиісті тыныс белгісін қой

1) Күн суыта бастады ма

2) Алақай, бүгін туған күнім

3) Аяжан, мерекеге келесің бе

4) Кешікпей келейік

Дескриптор:

- оқушылар сөйлемді оқып, сұраққа жауап береді;

- сөйлемнің соңына тиісті тыныс белгісін қояды.

2. «Жұмбақ жасыру» әдісі арқылы жауабын тап.

Сен неге айғайлай бересің?

Сөйлемге қандай мағына бересің?

Жөн жосығыңды түсіндірші,

Жазуда қандай жерде келесің ?

Мен ылғи айғайлай бермеймін,

Қуана да, күле де білемін.

Кейде өкініп, кейде ренжісем де,

Көбінесе көтеріңкі, көңілді жүремін,

Сөйлемдерге көтеріңкі дауыс беремін,

Сондай сөйлемдердің соңында келемін.

Қалай ойлайсындар, балалар, бұл қандай сөйлем?

Лепті сөйлем дегеніміз не екен?

Ережесін шығарып көрейікші.

Ереже: _____

Дескриптор:

- оқушылар жұмбақ өлеңді түсініп оқиды;
- жауабын тауып, дәптерге жазады;
- жауабын негізге алып, ереже шығарады.

№ 24. Заттың атын білдіретін сөздер

1. Суретке қарап, суреттегі заттардың атына сұрақ қой



Дескриптор:

- суретке қарап, «не?» деген сұраққа жауап беретін сөздерді табады;
- тапқан сөздерге тиісті сұрақты қояды.


2. Семантикалық карта толтыр

<i>Семантикалық карта</i>		
Заттың атын білдіретін сөздер	<i>Кім?</i>	<i>Не?</i>
<i>ата</i>		
<i>балық</i>		
<i>тауық</i>		
<i>оқушы</i>		
<i>орындық</i>		

Дескриптор:

- семантикалық картаны толтырып жазады.


3. Сөз жұмбақты шеш. Зат есім.



Дескриптор:

- суретке қарап, сәйкесінше торкөзге жазады.

4. Суреттегі бейнеленген заттардың атауын жаз. Екі сөзбен сөйлем құрастыр.



Дескриптор:

- суреттердің аттарын атайды;
- суретке қарап сөйлем құрайды.

№ 25. Заттың санын білдіретін сөздер

1. Суреттерді екі бағанға топтап жаз



төртеу елу
бесінші

Дескриптор:

- оқушылар заттың санын білдіретін сөздерді табады;
- заттың санын білдіретін сөздерді бір бағанға бөліп жазады;
- заттың атын білдіретін сөздерді екінші бағанға жазады.

2. Ребусты шеш



Дескриптор:

- суретке қарап ребусты шешеді;
- жауабын дәптерге жазып, сұрақ қояды.

3. «Ең жылдам» ойыны. Мақалды жатқа жазып, ішінен сан есім сөздерді тап

Батыр бір рет өледі,
Қорқақ мың рет өледі.

Дескриптор:

- мақалды есте сақтап дәптерге жазады.

№ 26. Заттың іс-қимылын білдіретін сөздер

1. Миға шабуыл» әдісі арқылы сұраққа – жауап

Суретте ненің суреттері көрсетілген?

Біз олармен не істейміз?



Дескриптор:

- суретке қарап суреттің аттарын атайды;

- ол заттармен «не істейді?» деген сұраққа жауап береді.

2. «Уақыт тізбегі» әдісімен мәтінді оқып, етістіктерді тауып, астын сыз

Мақта

Мақта – бағалы өсімдік. Одан тамаша талшық алынады. Мақта құнарлы топырақты және ылғалды ұнатады. Ол суармалы жерде өсіріледі. Пісіп жетілген кезде қауашағыашылады. Одан ұлпілдек ақ мақта көрінеді.

Дескриптор:

- мәтінді оқып, «не істеді?», «қайтті?» деген сұрақтарға жауап беретін сөздерді тауып, астын сызады.

3. Суретке қарап, іс-қимылды білдіретін сөздерді айт





Дескриптор:

- оқушылар іс-қимылды білдіретін сөздерді тауып жазады.

№ 27. Заттың сынын білдіретін сөздер

1. Ребусты шеш





Дескриптор:

- ребусты шешіп, жауабын жазады.

2. Зат есім сөздерге сын есімді тіркеп жаз



Дескриптор:

- зат есім сөздерге заттың сынын білдіретін сөздерді тіркеп жазады;
- жазған сөз тіркесіне сұрақ қояды.

№ 28. Бас әріптен басталып жазылатын сөздер

1. Бас әріппен жазылатын сөздерді тап

Адам аттары

- Тегі
- Өзен, көл атаулары
- Қала, ауыл аттары
- Жануарлар аттары
- Жер тау атаулары
- Мемлекет атаулары
- Теңіз, мұхит атаулары

Дескриптор:

- бас әріптен басталатын сөздерді жазады.
-

2. Сөйлемді толықтыр

Менің тегім-... _____

Есімім-... _____

Әкемнің аты-... _____

Анамның аты-... _____

Бауырларымның аты-... _____

Мен өз отбасыммен мақтанамын!

Дескриптор:

- сөйлемді оқып, сұраққа жауап береді;
- бас әріппен басталатын сөздердің себебін түсіндіреді.
-

3. Жақсы көретін үй жануарлары мен хайуанаттары ат қойып, мәтін құрастыр



Дескриптор:

-суретке қарап, жануарларға ат қояды.

№ 29. Жұмбақ әріптер

1. Жасырын сөздерді тауып, жаз.



3 ӘРІПТІ

АТЫ
АЛА
АША
ЖАЗ
ЖАС
ЖЫР
ИНЕ
ИІН
ҚАС
МЕН
РАС
РИМ
САҚ
САП
САУ
ТАЛ
ТАС
ЫЗА
ІНІ

4 ӘРІПТІ

АТАҚ
ҚАРА
ҚЫНА
ПИЯЗ
САНА
ТАРЫ
ІЛЕС
ІНЖУ

ҚАНАТ
ҚАСЫҚ
ҚАСАП
ҚОНАҚ
САЛАТ
ТАҚТА
ТАРАЗ
ТАРАҚ
ТАСПА
ЫНЖЫҚ

5 ӘРІПТІ

АЛТЫН
АСПАЗ
ЕРМЕК
ЖАНАР
ЗАҚЫМ
ЗАМАН
ӨНЕГЕ
ӨРНЕК
КЕРІК

7 ӘРІПТІ

АЛПАМЫС

Дескриптор:

- жасырын сөздерді тауып, жазады.

2. Жұмбақ әріпті тап

Ойда бар,

Қыда жоқ.

Отта бар,

Суда жоқ. _____

Раушанда бар,

Лалада жоқ.

Ринатта бар,

Алматта жоқ. _____

Ашада бар,

Асада жоқ.

Шашта бар,

Қаста жоқ. _____

Суда бар,

Балықта жоқ.

Тауықта бар,

Жемде жоқ. _____

Данада бар,

Сарада жоқ.

Динада бар,

Ирада жоқ. _____

Мысықта бар,

Тышқанда жоқ.

Маймылда бар,

Үкіде жоқ. _____

Қарғада бар,
 Көкекте бар.
 Сырғада бар,
 Моншақта жоқ. _____
 Тілде бар,
 Таста жоқ.
 Тісте бар,
 Көзде жоқ. _____
 Өрікте бар,
 Анарда жоқ.
 Өнерде бар,
 Білімде жоқ. _____
 Ешкіде бар,
 Лақта жоқ.
 Елікте бар,
 Бұғыда жоқ. _____
 Айда бар,
 Күнде жоқ.
 Тайда бар,
 Құлында жоқ. _____
 Хатта бар,
 Кітапта жоқ.
 Халатта бар,
 Көйлекте жоқ. _____
 Заңгерде бар,
 Дәрігерде жоқ.
 Ұстазда бар
 Ғалымда жоқ. _____

Дескриптор:

- жұмбақты оқып, жасырын әріпті табады;
- тапқан дыбысты талдайды.

№ 30. Жыл мезгілдері

1. Суретке қарап жыл мезгілдерін салыстыр



Дескриптор:

- суретке қарап, жыл мезгілдерін атайды;
- әр жыл мезгілін салыстыра отырып, сөйлем құрайды.

2. Қай жыл мезгілі? Сәйкестендіріп, сөйлемді толықтыр.



Қыста-?

Күзде-?

Көктемде-?

Жазда- ?

Дескриптор:

- оқушылар суретке қарап сөзерді сәйкестендіреді;
- құраған сөйлемді дәптерге жазады.

Сөйлемді суреттер арқылы толықтыру



Дескриптор:

- сурет арқылы сөйлемді толықтырады.

№ 31. Сіз деген әдеп, біз деген көмек

1. «Сұрақ-жауап» әдісімен сұраққа жауап бер.

- «Сіз» деп кімдерге айтамыз?
- Үлкен кісілерге қалай көмек көрсете аламыз?
- Үлкенді сыйлау дегенді қалай түсінесің?
- Үлкенмін деп, өзіңнен кішілерге қоқан-лоқы көрсеткен дұрыс па?

Дескриптор:

- сұраққа жауап жазады.

2. «Бес нәрсеге асық бол!» А.Құнанбаевтың өлеңінен 5 қасиетті теріп жаз.

Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге.
Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз.
Тілеуің, өмірің алдында,
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ -
Бес дұшпаның, білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой -
Бес асыл іс, көнсеңіз.



Дескриптор:

- өлеңді оқып , ішінен 5 қасиетті сөздерді теріп жазады.

№ 32. Дыбыстық талдау

1. «Сұрақ- жауап» сағаты

- 1.Дыбыс дегеніміз не?
- 2.Әріп дегеніміз не?
- 3.Дыбыстар нешеге бөлінеді?
- 4.Дауысты дыбыстарды ата
- 5.Дауыссыз дыбыстарды ата
- 6.Ата, әже, әке, ана, бала, іні сөздеріне дыбыстық талдау жаса

Дескриптор:

- сұрақты оқып, жауап жазады.

2. Ребусты шеш



Дескриптор:

- оқушылар ребусты шешіп, жауабын жазады.

3. «Біз зерекпіз» әдісі арқылы дыбыс, буын, сөздерді ажыратып жаз.

1. п, б, с, ж, л, қ, ә, с, т, б _____

2. ну, са, жу, ле, за, сә _____

3. тау, алма, тамақ, кітап, дәптер _____

Дескриптор:

- оқушы дыбыс, буын, сөздерді ажыратып жазады.

№ 33. Өз білімінді тексер. Тест

1. Әріп дегеніміз не?

А) дыбыстың таңбасы

Ә) дыбыс

Б) дыбыстар тізбегі.

2. Жіңішке дауысты дыбыстарды белгіле

А) а, я, ы, о.

Ә) ә, і, ө, ү, е.

Б) ұ, э, ы, и.

3. Тасымалданбайтын сөзді тап

А) өзен

Ә) қасық

Б) халық

4. Сөз дегеніміз не?

- А) мағынасы жоқ.
- Ә) дауысты дыбыстардан құралады.
- Б) дыбыстардан құралады, белгілі бір мағынасы бар.

5. Үнді дауыссыз дыбыстарды тап

- А) б,в,г,ғ,д,ж,з. Ә) л,м,н,ң,р,й,(у). Б) а,о,ә,ұ.

6. Кім? Не? сұрақтарына жауап беретін сөзді тап

- А) қызғылт Ә) секірді Б) нағашы

7. Сөйлеу не үшін қажет?

- А) ойнау үшін Ә) оқу үшін Б) қарым-қатынас жасау үшін

8. Я, Ю қандай дыбыстар?

- А) дауыссыз, қатаң Ә) Қосарлы дауысты дыбыс Б) дауысты жіңішке

9. Дұрыс тасымалданған сөзді тап

- А) сау-ысқан Ә) са-уысқан Б) с-ауысқан

10. Сөйлемнің ережесін тап

- А) Сөйлем аяқталған ойды білдіреді
- Ә) Сөйлем бірнеше сөздерден құралады.
- Б) Сөйлемнен соң тек қана нүкте қойылады.

11. Сұраулы сөйлемді тап

- А) Сен сабақ оқы
- Ә) Тағы келдің бе
- Б) Асан жүрді

12. Түсіп қалған әріпті тап. Ша....сорғыш

- А) н
- Ә) ң
- Б) м

13. «Екінші» сөзінің сұрағын тап

- А) Нешінші?
- Б) Қанша?
- С) Неше?

14. И дыбысы жуан айтылатын сөзді тап

- А) жидек
- Ә) тиін
- Б) тиын

15. Қатаң дауыссыз дыбыстар қатарын тап

- А) қ,л,б,й Ә) т,п,с,х Б) м,н,г,к

16. Жіңішке айтылған сөзді тап

- А) тақия
- Ә) өркеш
- Б) қарағай

17. Қарама-қарсы мағыналы сын есімді тап: Қалың-

- А) жіңішке

Ә) жұқа

Б) жуан

18. Қанша? Неше? сұрағына жауап беретін сөзді тап

А) тәулік Ә) киім Б) отыз алты

19. Етістіктің сұрақтарын тап

А) қалай? қашан?

Ә) не істеді? қайтті?

Б) кімдер? нелер?

20. Сын есім қандай сұрақтарға жауап береді?

А) қашан? қайда

Ә) қандай? қай?

Б) неше? қанша?

21. Кітап сөзіне б дыбысын жалғасақ

А) кітапы

Ә) кітапты

Б) кітабы

22. Сан есімнің сұрақтарын тап

А) қалай? қашан?

Ә) не істеді? қайтті?

Б) қанша? неше?

23. Мына сөздер қай сөз табына жатады? Алты, он екі, жүз

А) етістік

Ә) сын есім

Б) сан есім

24. Қате жазылған сөзді тап

А) аспазшы

Ә) аспашшы

Б) теңізші

25. Барлығы жуан дауысты дыбыс болатын қатарды көрсет

А) ә,ө,ы,е,и,т

Ә) ә,ө,ү,і

Б) а,о,ұ,ы

№ 34. Қорытынды бақылау диктанты

Диктант

14. Ж.Қ. Балтабаева, «Қазақ тілі дидактикалық материалдар» жинағы, 2-сынып, Алматы кітап баспасы, 2013.-99 б.
15. Б.Т.Қалиева Қазақ тілі мен әдебиеті методикасы, Алматы «Атамұра» баспасы, 2017.-87 б.
16. Ж.Қайранбай, Е.Амангелді. «Қазақ тілі» әдіс-тәсілдер жинағы, Алматы «Атамұра» баспасы, 2015.-100 б.

Интернет ресурстар:

17. <https://tilalemi.kz/lesson/75-.html> Қызықты қазақ тілі әлемі. Үздік сабақтар.
18. <https://botana.biz/prepod/drugoe/ownot3xj.html> Қызықты қазақ тілі сабағы. Интеллектуалды ойындар түрлері.